

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті

Шетелдіктерді тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы

Оқытушы Нұртілеуова Сандуғаш

Әдебиетті оқытудың түрлі инновациялық әдіс-тәсілдері

(Шоқан Уәлиханов шығармашылығы негізінде, СӨЖ)

Түйін

Мақалада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытын шетелден келген студенттерге әдебиет пәнін жаңаша әдіс-тәсілдермен оқыту және СӨЖ туралы қарастырылады.

Резюме

В данной статье исследуется роль самостоятельной работы иностранных студентов на занятиях казахской литературы подготовительного факультета КазНУ им. аль-Фараби.

Resume

The role of foreign students` self-works on the Kazakh literature lessons are considered in this article.

Еліміз егемендік алып, ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгелі, білім беру саласында да оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін енгізу, жаңаша оқыту талабы күн сайын күн тәртібінде қаралып келе жатқан мәселе. Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғымызды түгендеп, ата-баба мұраларына терең үңіле бастадық. Соның бір айғағы көп ұлтты Қазақстан жерінде өзімізбен қатар өзге ұлт өкілдері де өмір сүріп, біздің ата салтымызды, тілімізді танып білуге бетбұрыс жасауда. Атап айтатын болсақ, ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде бүгінгі таңда шет елдік студенттер білім алуда. Аталған факультетте қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, бұқаралық ақпарат құралдар тілі, іскерлік қарым-қатынас

тілі, қазақстан тарихы және де т.б. пәндер оқытылу үстінде. Тілді меңгерту мақсатында әр пәнге арналған оқу бағдарламалары мен оқу құралдары, тест жинақтары дайындалып жарық көрген. Соның негізінде шет елдік студенттерге арнап факультеттің білікті маман оқытушылары Г.Ә. Мұсаева мен М.П. Ешимов «Қазақ әдебиетімен танысайық!» атты оқу құралын жазып шыққан. Қазіргі таңда осы оқу құралы арқылы студенттерге дәріс жүргізілуде. Студенттерге әдебиет пәнін түрлі инновациялық әдіс-тәсілдер мен студенттің өздік жұмысы ретінде оқытуға болатынын айта кеткен жөн.

Бұл пәннің мақсаты – Қазақстанға келіп оқып жатқан шетелдік студенттерге шетел азаматтарын қазақ ауыз әдебиетімен, қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларымен, олардың өмірі, шығармашылық еңбектерімен таныстыру; оқушы мен сөйлеушінің коммуникативтік компетенциясын арттыру. Бұл пәнді қазақ тілін шет тілі ретінде үйренудің бастапқы және жалғастырушы кезеңдерінде оқытуға болады.

Әдебиет – тәрбие құралы, ол арқылы адам өзін таниды. Рухани қазынадан нәр алады, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады, дамытады. Бұл бірден-бір оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруға байланысты. Оқыту студент қызығушылығы негізінде құрылуы тиіс.

Әдебиетті оқыту үшін ең алдымен мұғалімге тіл біліктілігі қажет. Әдебиет – сөз өнері. «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» - дейді дана халқымыз. Бқылым заманнан халқымыз шешендікті жанына әр қашан серік еткен. Қазақ халқының ауыз әдебиеті өте бай. Аттың жалында, түйенің қомында көшпенділікпен күн кешкен дана жұртымыз әр сөздің мән-мағынасын жете түсініп, оның астарына ерекше көңіл қойған.

Әдебиет пәнін оқыту үшін ең алдымен төмендегідей жағдайларға көңіл аудару керек.

1. Мәтіндегі жаңа сөздермен танысу. Мағынасын сөздіктің көмегімен, синоним сөздермен түсіну.
2. Өтіліп отырған шығарманы жүйелі түрде жоспармен құрастырып, мәтінді әңгімелеуге үйрету.
3. Әр тақырып аяқталған соң, міндетті түрде нәтижесін тексеру. Ол үшін мазмұндама, сұрақ-жауап, тест тапсырма жұмыстарын жүргізу.
4. Көрнекілік құралдар мен материалдар, карта, кесте-сызбаларын жүйелі пайдалану.
5. Тақырыпқа орай түйін жасауды үйрету.

Әдебиет сабағы – студенттерді адамгершілікке, адалдыққа, адамды құрметтеуге тәрбиелейтін білім көзі.

Әдебиет пәнінің тәрбиелік мақсаты студенттерге берілетін мазмұндық ерекшелігімен айқындалады. Шетелдік студенттердің ұғымына оңай, көркем туындылардың тәрбиелік құндылығы аталмыш оқу үдерісінде жоғары деп есептеуге болады. Өйткені, осындай шығармалар оқу үрдісінде тиімді

амал-тәсілдермен меңгертілсе, білім берудің ізгілік, адамгершілік бағытындағы ұстанымдары ойдағыдай жүзеге асады.

Жаттығулардың тиімділігін төмендегіше саралауға болады: алған теориялық білімді тәжірибеде пайдалана отырып, оны одан әрі тереңдете түсінуге; зейінін жетілдіріп, еске ұстау қабілетін дамуытуға; өз беттерімен белгілі бір туындыларды талдай білуге; сөздік қорларының молайып, тіл байлықтарының жетілуіне; мәтінді терең түсініп, сауатты жазуға; шығармашылық қабілеттерінің дамуына; пәнге деген қызығушылықтарының артуына мүмкіндік туғызады.

Осыған орай студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ) туралы да арнайы айта кеткен орынды болмақ.

Білім берудің жаңа үлгісін жасау – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер талап етіп отырған күрделі мәселе. Оқытудың жаңаша құрылуының алғышарттары маман даярлаудың құзырлық моделін қамтамасыз ететін – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ізгіліктендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, проблемалық, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану жаңаша оқыту жүйесінің нәтижелілігін айқындайды. Осы арқылы студент кәсіби-теориялық білім, іскерлік дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға машықтанады.

Қазіргі заманғы білім беру үдерісі, үздіксіз білім беру саясаты бүгінгі студент, ертеңгі маманның жоғары оқу орнында өз бетімен білім ала білуге деген құштарлығын арттырады. Студенттің өз бетімен білімін жетілдіру – дидактиканың өзекті мәселелерінің бірі. Жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларының ішінен оның алатын орнын анықтау, мазмұнын іріктеу, тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, жолдарын белгілеу- осыған дәлел. Студенттің өздік жұмысы жоғары білім беру үдерісі құрылымының негізгі буындарының бірі болғандықтан, жоғары мектептің ең басты міндеттерінің бірі - болашақ маманды өз бетінше білім алуға үйрету, жетілдіру, жан-жақты тұлға ретінде дамыту. Жоғары оқу орындарында, өз мамандығын терең меңгерген мамандарды даярлауда, үздіксіз білім беру төңірегінде де студенттің өздік жұмысының атқаратын рөлі зор. Алайда, өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру әр түрлі факторларға тәуелді. Алдымен ол студенттен пәнге қызығушылықты, танымдық қажеттілікті, тұрақты ерік-жігерді, жинақылық пен белсенділік және жоғары саналылықты қажет етеді. Студенттің өздік жұмысы (әрі қарай СӨЖ) – оқытушының пәннен берген тапсырмалары бойынша студенттің өз бетінше ізденіп, кәсіби-теориялық білімін тереңдетуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылған мақсатты әрекеті. СӨЖ болашақ маманның өз кәсібін қыр-сырын жан-жақты меңгеруіне, күрделі мәселелерді өз бетімен шешуге талпыныс жасауына мүмкіндік береді, кәсіби-практикалық дағдыларын қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

Кафедрада ғылыми курсты жүргізетін жетекші маман басшылығымен әр пәннен СӨЖ-дің оқу-әдістемелік кешені жасалады. Оқу-әдістемелік кешеннің құрылымы: 1. Өз бетінше орындалатын жұмыстардың оқу жылына арналған жоспары, технологиялық картасы; 2. Тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі. 3. Пәндер бойынша реферат, баяндамалар, т.б. бекітілген тақырыптары. 4. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі. 5. Студенттердің өз бетімен жүргізетін жұмыстарын ұйымдастыру туралы нұсқаулар.

Сонымен, студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру жұмысының кешеніне типтік бағдарламамен, жұмыс бағдарламасы, студенттерді оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету картасы, жоспары, технологиялық карта, әдістемелік нұсқау, көрнекі оқу құралдары, бақылау формасы, т.б. түрлері жатады.

Осы айтылған жағдайларға байланысты бір дәрістің жоспарын мысалға келтіре кетейік. Оқу бағдарламасы бойынша ұлы ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы дәрісті жүргізу.

Халқымыздың ойшылы, ұлттық мақтанышымыз Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын, өмір сүрген ортасын тарихи деректермен байланыстыра отырып жан-жақты түсіндіру, қазақ ауыз әдебиетін жинаушы, әдебиеттанушы ғалым ретінде таныту; студенттің шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау, зерттеуге дағдыландыру, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту; Көкше топырағында тәрбиеленіп, сұңқардай биікке самғаған, демократ ағартушы Шоқанның бойындағы алғырлық, зеректік, ойшылдық, әдебиетке, ел өміріне деген құмарлық сияқты асыл қасиеттерді студенттердің санасына ұялату, қазақ халқының сүйікті, адал перзенттерін жоғары бағалай білуге тәрбиелеу.

СӨЖ тапсырмасы түрінде студенттерге берілген тақырыптарға байланысты реферат немесе баяндама жаздырып, тест тапсырмаларын шештіру тиімді болмақ. Шоқан Уәлихановтың шығармашылығымен толық таныстыру үшін дайындалған мынадай кесте мен тест бойынша шолу жасауға болады. Мұндай кесте арқылы студенттің оқулықпен өз бетінше жұмыс істеуіне жағдай жасалынады. Сонымен қатар, интернет пен жұмыс, компьютер арқылы бейне таспаларды пайдаланып, Шоқан туралы дәрісханада бейнепроектордың көмегімен фильмдер мен суреттер көрсетуге де мүмкіндік туады.

ТОПТАСТЫРУ КЕСТЕСІ

Суретші

Ағартушы

Өнертанушы

Философ

Географ

Тарихшы

Саяхатшы

Өркениет
жетістіктерін

Әдебиетші

Этнограф

**ШОҚАН
УӘЛИХАНОВ**

1835-1865

Сөз соңында айтарымыз, бұл пәнді оқытудың тапжылмастай қатып қалған әдістемесі жоқ. Әр сабақ өзіне тән әдістемелік деңгейде жүргізілетіні бәрімізге белгілі. Мысалы, белгілі-бір тақырып бойынша бір шығарманы қарастыруға болады. Сол мәтін шеңберінде арнайы жаңа сөздерді түсіндіріп, бірнеше жаттығулар жасап, студенттерге екеуара

диалог құрастыру тапсырмасын беруге болады. Ол үшін студенттердің сөздік қоры жеткілікті деңгейде болуы керек.